

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 тамыздағы № 826 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 994 қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 936 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 791 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2012 N 1796 қаулысымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;

3) «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 454 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі туралы ережеде :

15 - тармақта :

32) тармақшада «жүзеге асырады.» деген сөздер «жүзеге асырады;» деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 33) тармақшамен толықтырылсын:

«33) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады.» .

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2012 N 1796 (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.08.2013 № 791 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап**

күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) қаулыларымен.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2010 жылғы	23 тамыздағы
№ 826	қаулысына
1-қосымша	
Өнеркәсіп	саласындағы
жекелеген	қызмет түрлерін
лицензиялау	ережесіне
1-қосымша	

## **Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі лицензиялайтын қызмет түрлерінің тізбесі**

1. Тау-кен, мұнай-химия өндірістерін жобалау және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық).

Бұл қызмет түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

- 1) тау-кен өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану;
- 2) мұнай, газ, мұнай-газ конденсатын өндіруді жобалау;
- 3) мұнай-газ кен орындарын игеруге арналған жобалар мен технологиялық регламенттерді жасау;
- 4) мұнай-газ кен орындарын игеру жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау;
- 5) мұнай, газ, мұнай-газ конденсатын өндіру;
- 6) шахталарды (мұнай-газ кен орындарын) жабу жөніндегі тарату жұмыстары ;
- 7) кен орындарында (мұнай, газ, мұнай-газ конденсаты) технологиялық жұмыстар жүргізу ;
- 8) мұнай, газ ұңғымаларындағы каротаж жұмыстары;
- 9) мұнай, газ ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстары;
- 10) мұнай, газ ұңғымаларын, оның ішінде теңізде және ішкі су айдындарында бұрғылау ;
- 11) ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу, жабдық пен агрегаттарды бөлшектеу, мұнай-газ ұңғымаларында ұңғымалар көтергішін

о р н а т у ;

12) мұнай-газ ұңғымаларында ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау;

13) мұнай-газ ұңғымаларында ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және и г е р у ;

14) мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың ө н і м д і л і г і н ұ л ғ а й т у ;

15) құрлықта және теңізде мұнай төгілуінің, ұңғымалардың өздігінен атқылауының, мұнай және газ шығарындыларының (бұрқаққа қарсы жұмыстарды қоспағанда) алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстар, ұңғымаларды консервациялау;

1 6 ) м ы н а л а р д ы н :

органикалық химия (мұнай, газ, мұнай-газ конденсаты); каучук, шина, резеңке-техника өнеркәсібі өнімдерінің, техникалық көміртегінің, химиялық талшықтардың, полимерлік материалдар мен пластмассаның;

құрамында мұнай бар қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану;

17) басқа мемлекеттердің аумағында орындалған және Қазақстан Республикасында енгізілетін жер қойнауын (мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын) пайдалану, мұнай-газ өңдеу, мұнай-химия өндірістері саласындағы жобалық және жобалау-сметалық құжаттаманы сараптау;

1 8 ) м ы н а :

мұнайды бастапқы және терең өңдеу өнімдерінің; октан санын арттыру мақсатында компаундирлеу, тауарлық бензиндерге телімдер, қоспалар және құрамдауыштар енгізу жөніндегі;

белгіленген сипаттағы бензин алу мақсатында компаундирлеу, кондициялық емес мұнай өнімдеріне телімдер, қоспалар мен құрамдауыштар енгізу жөніндегі;

дизель отынына, мазутқа телімдер мен қоспалар енгізу жөніндегі; мұнай майларына телімдер енгізу жөніндегі мұнай-газ өңдеу өндірістерін ж о б а л а у ( т е х н о л о г и я л ы қ ) .

2. Мұнай-газ саласында бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау (мұнай-газ кен орындарында), жарылыстан қорғалған электр техникалық жабдықты (мұнай-газ кен орындарын), көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ жұмыс қысымы 0,7 кг/см<sup>-ден</sup> жоғары және жылу жеткізу температурасы 115<sup>0</sup>С жоғары қазандықтарды, 0,7 кг/см<sup>2</sup>-ден жоғары қысыммен жұмыс істейтін сауыттар мен құбыржолдарды жобалау, дайындау, монтаждау, жөндеу (бірыңғай технологиялық үдерісте пайдаланылатын жабдықтары жобалауды, дайындауды, монтаждауды, жөндеуді қоспағанда).

Бұл қызмет түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

1) жобалау (жабдық дайындау үшін қажетті техникалық-экономикалық негіздемені, есептерді, сызбаларды, макеттерді, сметаларды, түсіндірме жазбаларды қамтитын кешенді техникалық, конструкторлық-технологиялық құжаттаманы әзірлеу);

2) дайындау (тұтас жабдықты, жекелеген элементтерді, түйіндерді, бөлшектерді, бөліктерді, блоктарды, қосалқы құрылғыларды);

3) монтаждау (құрылыстарды, конструкцияларды, технологиялық жабдықты, агрегаттарды, машиналарды, аппараттарды, аспаптар мен дайын бөлшектерден, түйіндерден, элементтерден жасалған басқа құрылғыларды өндірісті, объектіні пайдалану кезеңінде құрастыру, реттеу және орнату);

4) жөндеу (техникалық құрылғының жай-күйінің диагностикасы, оның дайындығын немесе жұмыс қабілетін қалпына келтіру, элементтерін ауыстыру, бұзылған жерлерін жөндеу, жою).

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 3

т а м ы з д а ғ ы

№

8 2 6

қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Ө н е р к ә с і п

с а л а с ы н д а ғ ы

ж е к е л е г е н

қ ы з м е т

т ү р л е р і н

л и ц е н з и я л а у

е р е ж е с і н е

1-1-қосымша

## **Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі лицензиялайтын қызмет түрлерінің тізбесі**

1. Тау-кен, химия өндірістерін жобалау және (немесе) пайдалану.

Бұл қызмет түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

1) қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда) ө н д і р у д і ж о б а л а у ;

2) қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын игеруге арналған жобалар мен технологиялық р е г л а м е н т т е р д і ж а с а у ;

3) қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру жобаларының техникалық-экономикалық н е г і з д е м е с і н ж а с а у ;

4) қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда) ө н д і р у ;

5) қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашық және жер асты т ә с і л д е р і м е н а ш у ж ә н е и г е р у ;

6) пайдалы қазбаларды өндіру үшін жарылыс жұмыстарын жүргізу;  
7) кеніштер мен шахталарды жабу жөніндегі тарату жұмыстары (мұнай, газ, мұнай-газ конденсатын қоспағанда);

8) кен орындарында технологиялық жұмыстар жүргізу (мұнай, газ, мұнай-газ конденсатын қоспағанда);

9) ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу; жабдық пен агрегаттарды бөлшектеу; ұңғымалар көтергішін орнату (мұнай-газ ұңғымаларын қоспағанда);

10) ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау (мұнай-газ ұңғымаларын қоспағанда);

11) ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және игеру (мұнай-газ ұңғымаларын қоспағанда);

12) мыналардың:

органикалық (мұнай, газ, мұнай-газ конденсатын қоспағанда) және органикалық емес химия өнімдерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану;

13) басқа мемлекеттердің аумағында орындалған және Қазақстан Республикасында енгізілетін жер қойнауын (мұнай, газ, мұнай-газ конденсатын қоспағанда) пайдалану, химиялық өндіріс саласындағы жобалық және жобалау-сметалық құжаттаманы сараптау.

2. Минералдық шикізатты қайта өңдеу (кеңінен таралған пайдалы қазбаларды қайта өңдеуді қоспағанда).

Бұл қызмет түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

1) пайдалы қазбаларды бөлудің физикалық тәсілі;

2) пайдалы қазбаларды бөлудің физика-химиялық тәсілі;

3) пайдалы қазбаларды бөлудің химиялық тәсілі;

4) пайдалы қазбаларды бөлудің металлургиялық (пирометаллургия, күйдіру, гидрометаллургия, қыздыру) тәсілі;

5) құрамында пайдалы қазба бар тау-кен, байыту, металлургиялық және басқа да өнеркәсіптік өндірістердің қалдықтарын өңдеу.

3. Тау-кен саласында химиялық, бұрғылау, геологиялық барлау, кен-шахта, металлургиялық, энергетикалық, жарылыстан қорғалған электр техникалық жабдықты, көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ жұмыс қысымы 0,7 кг/см<sup>2</sup>-ден жоғары және жылу жеткізу температурасы 115<sup>o</sup>C жоғары қазандықтарды, 0,7 кг/см<sup>2</sup>-ден жоғары қысыммен жұмыс істейтін сауыттар мен құбыржолдарды жобалау, дайындау, монтаждау, жөндеу (бірыңғай технологиялық үдерісте пайдаланылатын жабдықтары жобалауды, дайындауды, монтаждауды, жөндеуді қоспағанда).

Бұл қызмет түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

1) жобалау (жабдық дайындау үшін қажетті техникалық-экономикалық негіздемені, есептерді, сызбаларды, макеттерді, сметаларды, түсіндірме жазбаларды қамтитын кешенді техникалық, конструкторлық-технологиялық құжаттаманы әзірлеу);

2) дайындау (тұтас жабдықты, жекелеген элементтерді, түйіндерді, бөлшектерді, бөліктерді, блоктарды, қосалқы құрылғыларды);

3) монтаждау (құрылыстарды, конструкцияларды, технологиялық жабдықты, агрегаттарды, машиналарды, аппараттарды, аспаптар мен дайын бөлшектерден, түйіндерден, элементтерден жасалған басқа құрылғыларды өндірісті, объектіні пайдалану кезеңінде құрастыру, реттеу және орнату);

4) жөндеу (техникалық құрылғының жай-күйінің диагностикасы, оның дайындығын немесе жұмыс қабілетін қалпына келтіру, элементтерін ауыстыру, бұзылған жерлерін жөндеу, жою).